

Қаржы ұйымдарының қаржы өнімдерін бекітуі туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды хабардар ету қағидаларын, сондай-ақ хабарламаға қоса берілетін құжаттардың және хабарламада көрсетілген бекітілген қаржы өнімдері жөнінде мәліметтердің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 137 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 қыркүйекте № 14221 болып тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 47 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-1-бабына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-1-бабына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-1-бабына, "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-1-бабына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 47 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған қаржы ұйымдарының қаржы өнімдерін бекітуі туралы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды хабардар ету қағидалары, сондай-ақ хабарламаға қоса берілетін құжаттардың және хабарламада көрсетілген бекітілген қаржы өнімдері жөнінде мәліметтердің тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 47 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Қаржы ұйымдарының қаржылық қызметтерді тұтынушыларға қаржы өнімдерін, сондай-ақ микроқаржы ұйымдарының өздерінің тұтынушыларына микрокредиттерді ұсынуы үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісім беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 203 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 9899 тіркелген, 2014 жылғы 24 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосуға жіберуді;

3) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғ.О. Пірматовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап бекітілген қаржы өнімдеріне қолданылады.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Д. Ақышев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі

_____ Д. Абаев

2016 жылғы 25 шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Қ. Бишімбаев
2016 жылғы " ____ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушы

_____ М. Құсайынов
2016 жылғы 5 тамыз

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 30 мамырдағы
№ 137 қаулысымен
бекітілді

Қаржы ұйымдарының қаржы өнімдерін бекітуі туралы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды хабардар ету қағидалары, сондай-ақ хабарламаға қоса берілетін құжаттардың және хабарламада көрсетілген бекітілген қаржы өнімдері жөнінде мәліметтердің тізбесі

Ескерту. Тізбенің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 47 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Қаржы ұйымдарының қаржы өнімдерін бекітуі туралы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды хабардар ету қағидалары, сондай-ақ хабарламаға қоса берілетін құжаттардың және хабарламада көрсетілген бекітілген қаржы өнімдері жөнінде мәліметтердің тізбесі (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-1-бабына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-1-бабына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-1-бабына, "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-1-бабына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды (бұдан әрі – уәкілетті орган) қаржы ұйымдарының қаржы өнімдерін бекітуі туралы хабардар ету тәртібін, сондай-ақ хабарламаға қоса берілетін құжаттардың және хабарламада көрсетілген бекітілген қаржы өнімдері жөнінде мәліметтердің тізбесін айқындайды.

Қағидалардың талаптары сондай-ақ Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына, Қазақстан Республикасының

бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына қолданылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 47 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қаржы ұйымы уәкілетті органды Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13852 болып тіркелген "Қаржы ұйымы қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды бекітілуі туралы хабардар ететін қаржы өнімдерінің тізбесін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 136 қаулысында көзделген қаржы өнімдерінің бекітілуі туралы хабардар етеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 23.12.2019 № 249 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қаржы ұйымы қаржы өнімін оны бекітуге уәкілетті қаржы ұйымының органы бекіткен күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға қаржы ұйымының қаржы өнімдерін бекітуі туралы хабарламаны (бұдан әрі – Хабарлама) жібереді.

Хабарламаға қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

1) оны бекітуге уәкілетті қаржы ұйымының органы бекіткен қазақ және орыс тілдеріндегі қаржы өнімін ұсыну туралы шарттың (бұдан әрі – шарт) нысаны (қаржы ұйымының ішкі құжаттарында шарттардың нысандарын бекіту туралы талаптар болған кезде);

2) дауыс беру қорытындыларын көрсете отырып, қаржы ұйымы органдарының шартты бекіту туралы шешімінен үзінді-көшірме;

3) дауыс беру қорытындыларын көрсете отырып, қаржы ұйымы органының қаржы өнімінің шарттарын бекіту туралы шешімінен үзінді-көшірме.

Қаржы өнімінің талаптарына Хабарламаның 6-тармағында көзделген талаптардан басқа: өнімнің қолданыс мерзімі, қарыз бен салымның ең төмен сомасы, шартты мерзімінен бұрын тоқтату, төлемдер мен қамтамасыз ету талаптары жатады;

4) қаржы өнімінің талаптарын және шарттардың нысандарын бекітуге уәкілетті органның құзыретін растайтын қаржы ұйымының ішкі құжаттарынан үзінді-көшірмелер.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 47 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Қаржы ұйымдары Қағидалардың 3-тармағында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, хабарламаны әрбір қаржы өнімі бойынша жеке-жеке ұсынады.

5. Шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге әкеп соғатын Қағидалардың 3-тармағы 3) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген қаржы

өнімінің талаптарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, Хабарлама:

1) шартты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келтіру;

2) Хабарламаның 6-тармағында көрсетілген қаржы өнімінің талаптарына әсер етпейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жағдайларын қоспағанда, Қағидалардың 3-тармағында көзделген құжаттар қоса бере отырып жіберіледі.

Хабарламаның 6-тармағында көзделген қаржы өнімінің талаптарына шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге әкеп соқпайтын өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген кезде, қаржы ұйымы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бермей, қаржы өнімінің талаптарына енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды көрсете отырып, хабарлама жібереді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 47 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Қағидалардың 3-тармағында көзделген құжаттар қоса берілген хабарлама рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы ұсынылады.

7. Қаржы ұйымы өтініш жасаған кезде уәкілетті орган оны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қаржы ұйымына рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен ол жіберген хабарлама туралы үзінді-көшірмені береді.

Қаржы ұйымдарының қаржы өнімдерін бекітуі туралы қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды хабардар ету қағидаларына, сондай-ақ хабарламаға қоса берілетін құжаттардың тізбесіне қосымша

Ескерту. Қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 23.12.2019 № 249 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Нысан

Қаржы ұйымының қаржы өнімдерін бекітуі туралы хабарлама

1. **Қаржы ұйымының** атауы

2. **Қаржы ұйымының** орналасқан жері, телефондары

3. Уәкілетті органның операцияларды және қаржы нарығында қызметті жүргізуге лицензиясының нөмірі мен күні

4. **Қаржы ұйымының** бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

5. _____

(қаржы өнімінің атауы)

6. қаржылық өнімнің шарттары:

1) жеке тұлғалардың қарыздары бойынша

қарыздың мақсаты _____;

қарыздың шекті мерзімдері: _____;

қарыздың шекті сомасы: _____;

сыйақы мөлшерлемесінің түрі және оның шекті шамалары: _____;

қарызды өтеу әдістері: _____;

жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу кезінде ескерілетін, қарыз беру және қарызға қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге төлемдер тізбесі және олардың шекті мөлшерлері: _____

_____;

қарызды қамтамасыз етудің болуына қойылатын талаптар _____;

оны бекітуге уәкілетті, қаржы ұйымының органы бекіткен қаржы өнімін беруді регламенттейтін қаржы ұйымының ішкі құжатының (ішкі құжаттарының) деректемелері: _____;

2) жеке тұлғалардың мерзімді салымдары бойынша:

салым валютасы: _____;

салым сомасының шекті шамалары: _____;

салым мерзімінің шекті шамалары: _____;

сыйақы есептеу және төлеу тәртібі: _____;

салымды толтыру және алу тәртібі: _____

оны бекітуге уәкілетті, қаржы ұйымының органы бекіткен қаржы өнімін беруді регламенттейтін қаржы ұйымының ішкі құжатының (ішкі құжаттарының) деректемелері: _____;

3) ерікті сақтандыру бойынша:

сақтандыру объектісі: _____;

сақтандыру сыйақыларының шекті мөлшерлері _____;

франшизаның шекті мөлшерлері: _____;

оны бекітуге уәкілетті, қаржы ұйымының органы бекіткен қаржы өнімін беруді регламенттейтін қаржы ұйымының ішкі құжатының (ішкі құжаттарының) деректемелері: _____;

4) клиенттің тапсырмаларына сәйкес брокердің бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелерін жасауын болжайтын шарттың негізінде көрсетілетін брокерлік қызметтер

бойынша, олар бойынша есеп айырысуды брокер клиентке қайтарымдылық және төлемділік (маржалық мәмілелер) талаптарында берілген ақшаны немесе бағалы қағаздарды пайдалана отырып жүргізеді:

брокердің және (немесе) дилердің комиссиялары мен тарифтердің шекті мөлшерлері: _____;

оны бекітуге уәкілетті, қаржы ұйымының органы бекіткен қаржы өнімін беруді регламенттейтін қаржы ұйымының ішкі құжатының (ішкі құжаттарының) деректемелері: _____;

7. Хабарламаға: _____ қоса беріледі

(құжаттардың атауы мен парақтар саны көрсетіледі)

8. _____ осы хабарламамен қаржы өнімдерін

(қаржы ұйымының атауы)

бекітуге уәкілетті _____ бекіткен

(қаржы ұйымы органының атауы)

_____ Қазақстан Республикасы заңнамасының

(қаржы өнімінің атауы)

талаптарына сәйкес келетінін растайды

Қаржы ұйымының бірінші басшысы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам):

(лауазымы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

20 ____ жылғы " ____ " _____